

Қарағанды облысы Шет ауданы Ақжал кенті

«Ақжал негізгі орта мектебі» КММ

Тәрбие жұмысы бойынша талдауы

2022-2023 оқу жылы

Әрбір ұлттың қай кезеңде болмасын алдында тұратын ұлттық мұрат-міндеттерінің ең бастысы- өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Болашақ қоғам иелерін жан- жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени- ғылыми өресі озық азамат етіп тәрбиелеу біздің қоғам алдындағы зор борышымыз. Шығыс ғұламасы Әл –Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы,ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» деген.

Дұрыс тәрбие – балаларға өмір бойы азық. Оқушыларға нәтижелі тәрбиелі ісі тек оқу әрекетін дұрыс ұйымдастырумен ғана шектелмейді, оқушылардың өздерін қоғамдық пайдалы істерге белсенді араласуын көздейді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 9 желтоқсанда № 31053 болып тіркелген бұйрықтың 4п. «білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, кәркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру» сәйкес атқарылды. Бағаланатын кезеңдегі тәрбие жұмысының әзірленген және бекітілген жоспары қоса берілді. Осыған байланысты 2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысы келесі іс-әрекеттер арқылы жұмыстар жүзеге асты:

- **Тәрбие жұмысының бағыттары:**
- Қазақстандық патриотизм және азаматтық,тәрбие, құқықтық тәрбие-
- 2. Рухани-адагершілік тәрбие
- 3. Ұлттық тәрбие
- 4. Отбасы тәрбиесі
- 5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- 6. Көпмәдениетті және көркем –эстетикалық тәрбие
- 7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі-
- 8. Дене тәрбиесі,салауатты өмір салты

Тәрбие жұмысының негізгі бағыттарына сәйкес құрылған жоспар бойынша төмендегідей жұмыстар атқарылды. Өткен оқу жылындағы атқарылған жұмыстарға талдау арқылы 2021-2022 оқу жылына міндеттер айқындалды, ұйымдастыру шаралар іске асты: сынып жетекшілер тағайындалып, оқушылардың және ата-аналардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер

жиналды. Тәрбие жоспарының бағыттары белгіленіп, әр сыныпқа сынып бөлмелері бекітіліп, белгіленді. Сынып бөлмелерінде «Сынып бұрышы», «Еліміздің рәміздері» бұрыштары нұсқауға сай ілініп, күнделікті оқушылардың сабаққа келіп, кетулері тексеріліп отырады. Мектеп медбикесі әр дүйсенбі сайын оқушылардың тазалығы тексеріп, қадағалайды. Аптаның әр дүйсенбісінде – сынып сағаттары және саптық жиын өтіліп, өткен аптаның қорытындысын шығарылып отырады. Мектеп оқушылары мектеп формасын сақтау қалыптасқан үрдіске айналған.

- 1. Мектеп бойынша барлық оқушы саны – 213
- 2. Сынып комплектісі - 14
- Оның ішінде: ә) бастауыш сынып – 7; б) жоғарғы сынып – 7
- Асханадан тегін тамақтанған оқушылар 1-4 сынып оқушылары. Барлығы – 105 оқушы екі ауысымда ыстық тамақпен тегін тамақтанды.

Тәрбиенің мақсаты – Бәсекеге қабілетті, өзін-өзі басқаратын, ақпараттық мәдениетті зерттей білетін интеллектуалды мәдениеті дамыған, өз Отаның сүйетін тұлға тәрбиелеу.

Тәрбиенің міндеттері:

- Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатігездік пен қорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
- Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
- Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
- Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту.

- Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруына ықпал ету. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
- Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

2022 - 2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары 8 бағыт бойынша жасалып, сол жоспар бойынша жұмыстар жүргізіліп отыр. Әр сынып жетекші өз сыныптарының жас ерекелігіне байланысты тәрбие жұмысының жоспарын жасап, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізуде. Әр дүйсенбі күні саптық жиын ҚР Мемлекеттік Гимні орындалып, жоспарға сәйкес тәрбие сағаттары өткізіліп, әлеуметтік желілерге салынады. Атаулы мерекелерде мектеп ауласында, мектеп музейінде, ақпараттық кабинетте және АКТ залында шаралар жоспарланып, өз деңгейінде өткізілуде. Атап айтатын болсақ білім күніне орай «Білімге ұмтылу, еңбек сүйгіштілік және отаншылдық» атты салтанатты саптық жиын өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/CiEqxVEou73/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

«Мектепке жол» акциясы бойынша атқарылған іс – шаралар

Елбасымыздың тапсырмасы бойынша дәстүрлі жалпы республикалық қайырымдылық деңгейде мектеп жасындағы балаларды мектепке тарту мақсатында өтіп жатқан «Мектепке жол» акциясы жан – жақты өз жалғасын табуда.

https://www.instagram.com/p/CjgPzfNIv9F/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай мектеп қабырғасында құттықтау газеттері, кітап көрмесі, дебат, дөңгелек үстел форматында жоғарғы деңгейде өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/Cizl24NI32x/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/CizbLwSIE45/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/CizRLhXoUj8/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CiA9sXCo0cA/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/reel/CizbLwSIE45/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

Халықаралық қарттар күніне орай «Өзін-өзі басқару» ұйымы және еріктілер клубы мүшелері үлкенге құрмет көрсетуге тәрбиелеу мақсатында «Құрметтеймін қарттарды» тақырыбы аясында Ақжалымыздың қарт анасы Күлшаһар апаны құттықтап, көмек көрсетіп қайтты.

https://www.instagram.com/p/ClxyfTIxFH/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/p/CjGLvhflu63/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/reel/CjOS6WAoII9/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

Ұстаздар мерекесіне орай 9-сынып оқушылары өзін өзі басқару күнін «Дублер күні» ұйымдастырып, соңы «Ұстаз – ұлы тұлға» тақырыбында мерекелік концертпен жалғасын тапты.

https://www.instagram.com/p/Cjkpo9oDyXQ/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/p/Cjkq0TVjA5Z/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/p/Cjkpo9oDyXQ/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/p/Cjkr7kuDRI-/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==



«Менің отбасым-менің тірегім» атты отбасылар күніне арналған іс – шаралар жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізілді

https://www.instagram.com/reel/Cicx218I2Gd/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/reel/CiaB3dCoKgl/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/reel/CiXG-BoIvk6/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

25-қазан Республика күнін мерекелеуге жоспар құрылып бірқатар іс-шаралар өткізілді

«Патриотизм дауысы» Мемлекеттік Гимн жаппай орындалды.
https://www.instagram.com/p/CkAwl0ajhUc/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

«Қазақстаным-мақтанышым!» атты сынып сағаттары

25 - қазан Республика күніне орай жоспар бойынша іс – шаралар ұйымдастырылды. 1-9 сыныптар арасында **Отансүйгіштік пен Отанға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу мақсатында**

«Әкелер жері – сенің жерің!» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.
https://www.instagram.com/reel/Cj0IasuIsyS/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/reel/Cj0UwUgoMu4/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/reel/Cj-b7OioP1H/?utm_source=ig_web_copy_link

Сынып жетекшілер мен көркем еңбек пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен оқушыларға аға ұрпақтың ерлік істерін үлгі ете отырып, Отанын, елін сүйуге деген патриоттық сезімдерге баулу, болашаққа сенімдерін қалыптастыру, саналы да білімді азамат болуға тәрбиелеу мақсатында «Республика күні» тақырыбында қабырға газетінің байқауы өтті.
https://www.instagram.com/reel/CkKpCHrIcHx/?utm_source=ig_web_copy_link

Оқушыларды туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі - туған Отанды сүйуден басталатынын түсіндіру мақсатында «Қазақстан – менің туған өлкем!» кітап көрмесі ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/p/Cj27TnroGY9/?utm_source=ig_web_copy_link

25 қазан Республика күніне орай 5-9 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылған “Қыран елім-Қазақстаным” атты жалпы республикалық патриоттық акция аясында жатқа өлеңдер оқу байқауы өткізілді.

https://www.instagram.com/p/CkBbpqGofV4/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/p/CkBbpqGofV4/?utm_source=ig_web_copy_link

«30 игі іс» - аз қамтылған отбасы балаларын әлеуметтік қолдауға арналған қайырымдылық акциясы. «Қамқорлық» еріктілердің жұмысы тақырыбы аясында мектепшілік 1 – 9 сыныптар арасында жәрмеңке ұйымдастырылды. «Адал ұрпақ» еріктілер клубының оқушылары жәрмеңкеге белсене қатысып көмек көрсете білді.



Қараша айында оқушыларды табиғатқа деген сүйіспеншілікке, сұлулыққа баулу мақсатында мектепшілік оқушылар арасында «АЛТЫН КҮЗ» және «Күзгі бал – 2022» іс-шаралар өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/CkAuDBPD4Or/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/reel/CkAuieLjtJE/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/CkAvU10jpT/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/reel/CkAvIJoDCqK/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CkPeMXhIKZv/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

«Ұлттың ұлы тұмары — Тәуелсіздік» атты Тәуелсіздік күнін мерекелеу бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес жұмыстар атқарылды

Мақсаты: Тәуелсіздік – қасиетті ұғым екеніне көз жеткізу.

Болашаққа сеніммен қадам басу, жас ұрпақты отаншылдыққа, адамгершілікке, елжандылыққа, Отанына адал қызмет етуге тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/reel/CmEZpDsIW9F/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/CmE3dbMonyg/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/CmLIDKToLO8/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CmERwiCoj4a/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CmELfSzI-4n/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

«Жаңа жыл-2022» мерекесін қарсы алуға арналған Ертеңгіліктер мен Бал Маскарад кештері ұйымдастырылды. Мектеп ішін Жаңа жылдық мерекеге сай безендіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, мектеп

ауласына қардан мүсін жасауға мектеп оқушылары мен ата-аналар өте жоғары деңгейде қатысты. NOVA-Цинк ЖШС-нен шағын орталық, даярлық сыныбына және 1-4 сыныптарға сыйлықтар таратылды.



1-наурыз Алғыс айту күнін мерекелеудің жаңа дәстүрі «Мәңгілік Ел» бірлігін ортақ тарих және тарихи сана негізінде нығайту мен дамытудың мән-мәтінінде қазақстандық құндылықтарды бейнелейді. **Алғыс айту күні** – бұл, ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған Президенттің бейбітшілік пен келісім саясатының салтанаты күні. Бұл – тағдыр тәлкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударған түрлі этностардың миллиондаған өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына терең тағзымның белгісі. Қазақ халқы қиын-қыстау заманда олардың басына түскен ауыртпалықты қайыспай бірге көтере білді, бұл бүгінгі таңда еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналды.

https://www.instagram.com/reel/CpPMoXxouwC/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/CpRdOiEoRGr/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/CpW2pqQIzfp/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

8 Наурыз – Аналар мерекесін атап өтуге арналған іс-шаралар жоспары бекітіліп жоспарға сай жұмыстар атқарылды.

https://www.instagram.com/reel/CpiQ0QBouXV/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==



22 Наурыз мерекесіне орай жоспар құрылып бекітілді. Жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді.

https://www.instagram.com/reel/CqlNzhDoY0E/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/reel/CpKZiyAipcU/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

Мектеп оқушылары мен ұстаздары «Келіншек күйін» жаппай орындады.

https://www.instagram.com/reel/CnT74drAjHz/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

2 сәуір - Дүниежүзілік аутизм мәселесі туралы ақпарат тарату күніне орай “ Аутизм туралы ақпарат” тақырыбында түсіндірме жұмысы жүргізілді

https://www.instagram.com/p/CrBCZpHoDtt/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні 5-7 сыныптар арасында үлкен «Ұлттар достығы» атты фестиваль өткізілді. Әр ұлттың мәдениеті, өнері, ұлттық тағамдары таныстырылды.

https://www.instagram.com/p/CrkHuJDIHm2/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/p/CrkIQL7IdhZ/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/reel/CrkIWUjopAE/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/p/Crz2w8EIYQc/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

Отан қорғаушы күні мен Ұлы Отан соғысындағы Жеңістерді мерекелеуге арналған іс-шаралар жоспары бекітіліп, жоспарға сай

жұмыстар ұйымдастырылды. Жеңіс күні-тарих төрінен орын алатын үлкен мереке.

https://www.instagram.com/reel/Cr3KeTsoBE-/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/reel/Cr3KrocoHw0/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/reel/Cr3pwQpIBxN/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/reel/CsF0TZQoMp-/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/reel/Cr43MrnIEPa/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

01 маусым - «Балалық шақ әлемі қандай ғажап!» балаларды қорғау күніне орай мектеп ауласында ауқымды түрде жазғы сауықтыру “Балдәурен” ойын алаңы жұмыс жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізді

https://www.instagram.com/reel/CtKPCvQoWx3/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/reel/CtKPCvQoWx3/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/reel/CtjNhxfocTS/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/reel/CtjPwTioCHp/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

«01 маусым – Соңғы қоңырау» салтанатты жиыны өткізлді. Жиын сағат 11-00 де басталып, аяқталуы 11-45 те. Жиында мектеп директоры құттықтау сөз сөйлеп, ата-ана құттықтау, оқушылар жылы лебізін білдіре отырып, ән айтылып, би биленіп, соңғы қоңырау соғылды.

https://www.instagram.com/p/Cs-5IDxo4tN/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

Бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие.

1 қыркүйек – Білім күніне арналған « Алғашқы қоңырау» мерекелік іс – шарасы өтті. Жауапты мектеп әкімшілігімен қатар барлық сынып жетекшілер. 1-9 сынып аралығында « Саналы ұрпақ –жарқын болашақ» « Мен өз елімнің патриотымын!» тақырыбына оқушылар өлеңдер оқыды, бейнефильм көріп өз ойларын айтты. Сынып сағаты туған жерін сүйетін нағыз патриот тұлға тәрбиелейді. Қатысқан: 210 оқушы. Мемлекеттік рәміздер бойынша оқушыларға сауалнама өткізілді. Жауапты: Мұханбеткәрім Т.О

1-20 қыркүйек аралығында «Қауіпсіз мектеп» Республикалық акциясы ұйымдастырылды. «Біз қауіпсіз мектеп үшін!» ұранымен 5-9 сынып оқушыларымен флешмоб ұйымдастырылды. Мектеп тәлімгері Аханахова Ж.К оқушыларға жол қозғалысы белгілері бейнеленген плакаттармен жолда мұқият болуға ескертті. Ата – аналарға "Ескерту – яғни құтқару" балалар қауіпсіздігі жадынамаларын таратылды. «Жолда жүру тәртібін, жадында ұста!» 5-9 сынып оқушыларға арнап бейнероликтер көрсетілді. Жол ережесіне байланысты жасасырылған викториналық жұмбақтар мен сұрақтарға оқу оқушылыр белсенділік танытып, ұйымшылдықпен қатысты.

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні және ұлы Жеңістің күніне арнап сынып сағаттарын өткізді. Атап айтқанда: «Менің атам – майдангер», «Мен елімнің болашағымын» т.б. Сынып сағаттарының мақсаты: Отан соғысы туралы мағлұмат бере отырып, бейбіт күннің қадірін ұғындыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында атқарылған жұмыстар инстаграм желісіне салынды.

Екінші бағыт – Рухани-адамгершілік тәрбие.

Мектебімізде Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің жыл сайынғы жалпы Республикалық «Мектепке жол» акциясы өтті. Көпбалалы, азқамтылған отбасы оқушыларына қолдау көрсету және барлық мектеп жасындағы балаларды міндетті орта біліммен қамтамасыз ету үшін жалпыға бірдей білім беру айлығы мен «Мектепке жол» акциясы әр жылда 1- тамызда басталып, 30- қыркүйекте аяқталды. Ақцияның негізгі міндеті көпбалалы отбасыларындағы оқушылардың жаңа оқу жылына дайындауға және балалардың әлеуметтік жағдайлары бойынша мектепке бармай қалуын алдын алу. Олардың мектеп формасы, оқуға қажетті құрал-жабдықтармен толықтай қамтылып, алаңсыз білім алуына жағдай жасау. Биылғы акция «Жүректен -жүрекке» ұранымен өтті. Осы шараның мақсаты — көп балалы үйлерді сынып жетекшілер аралап тұрмысы жағынан нашар тұратын отбасылар жоқ екенін анықтады. Ата – аналар өз балаларын киім - кешек, мектеп құралдарымен қамтыды. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы «Туған жер» бағдарламасы іске асыру шеңберінде «Қазақстандағы

100 жаңа есім» жобасы , оқу жоспарына « Өлкетану» , «Ақжалым туған өлкем » жобасы енгізілді . Сонымен қатар мұражай көне жәдігерлермен толықтырылды . Мектеп кітапханашысы Аубакирова М.С .және ауыл кітапханашысымен бірге жұмыс жоспары құрылып « Ел болашағы – жастар » атты ауылдың жастарымен кездесу кеші өтті. Мектеп кітапханасында « Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық » атты буккросинг ұйымдастырылды. М.Әуезовтің 125 жылдығына орай «Қара сөздің хас шебері» атты қазақ тілі және музыка пәнінің ұйымдастыруымен сахналық қойылымдар қойылып , поэзия кеші өтті.Қыркүйек , желтоқсан , сәуір айларында « Қайырымдылық – жасампаз күш» қайырымдылық шаралары өтті .

Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие.

Мектепте ҚР-сы халықтарының Тілдері күні мерекесі салтанатты түрде ашылды. Мерекені мектеп директоры м.а. Мұханбеткәрім Т.О ашып, оқушыларды мерекемен құттықтады . Оқушылардың байқауы өте жақсы, көңілді өтті. Тіл мамандары 5-9 сынып оқушылары арасында «Ана тілі – ұлттың тілі » атты жоспар бойынша онкүндік өткізді . Қазақ халқының ұлы тұлғалары, мәдениеті, ұлттық ойындары, ҚР-ың мемлекеттік мерекелері туралы айтылды. Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту үшін ойын түрлерін өткізді. «Қарты бардың қазынасы бар» дегендей Қарттар күнін атап өтудегі басты мақсат —қарт адамдарға көңіл бөлу. Бұл күні біздің елімізде ғана емес, әлемнің түкпір-түкпірінде қарттарға арналған мерекелік іс-шаралар өткізіліп, оқушылар тарапынан қарияларға көмек көрсетілетін алуан түрлі жобалар ұйымдастырылды. Мектебіміздің «Жас ұлан» тобының мүшелері қарттар күніне арналған қайырымдылық акциясын өткізді . Бұл күні ауылымыздағы Күлшаһар апаны құттықтап,көмек көрсетіп, әжеден ақ батасын алды.Сонымен қатар «Қазақстанның 100 жаңа есімі атты жоба , Президентіміз Қ. Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуі» Қазақстан халқына жолдауы насихатталды . Еліміздің рәміздерін насихаттау барысында « Рәміздерім -мақтанышым», « Қазақстанның рәміздерің білесің бе ?» атты саяхат сабақ , телевикториналар өткізілді .

Төртінші бағыт – Отбасылық тәрбие.

«Отбасы күні – махаббат пен адалдықтың белгісі» тақырыбына отбасылық сурет көрмесі ұйымдастырылды. «Менің отбасым» туралы 5-9 сынып оқушыларына эссе жазу, отбасылық суреттерден коллаж құрастыру тапсырмалары берілді. Қыркүйекте мектебімізде 21 ғасыр ата – аналарының « Өз балаңа үлгі бол» тақырыбындағы Республикалық ата – аналар конференциясы «Бірінші сынып оқушыларының ата – аналарына психологиялық көмек» өтті. Конференцияны мектеп директоры м.а. Мұханбеткәрім Т.О ашты. Балаларда сапалы білім мен тәрбие болу үшін, мектеп және ата – ана тығыз байланыста болуы қажет екенін, атап өтті. «Қауіпсіз мектеп» акция кезінде « Жас ұлан» тобының мүшелері үнпарақшылар таратты ауыл тұрғындарына. Мектеп психологі Сармантаева Г.Б. оқушылар арасында девианттық , деликвенттік , сондай –ақ аутодеструктивті әрекеттеріне мониторинг жүргізді .Оқушылардың емтиханға дайындығын анықтау , мектеп бітіруші сені не алаңдатады ? Қазан

айында «Отбасы – бақыт мекені » атты отбасы күні атап өтілді . Бұл шара бойынша « Толағай» отбасылық жарыс , «Менің балам қандай » « Мен және менің отбасым » атты жарыстар , сынып сағаттары өтті . 15- мамырда Отбасы сағаты ұйымдастырылды және жоспар бойынша оқушылар отбасылық суреттерден құраған коллажи инстаграм желісіне салынды. Жылына 4 рет жалпы ата- аналар жиналысы өткізіліп , ата –аналар арасында тренинг , дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды . Сонымен қатар ата-аналар « Мектепке жол » , «Балаға жылу сыйла » қайырымдылық акцияларына қатысып отырады .

Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

Көгалдандыру мен санитарлық тазалау жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында өткізілген сенбілікке мектеп оқушылары мен ұжымы белсенді қатысып отырды. Мектеп маңындағы ағаштардың түскен жапырақтарын тазалап, ауласын сыпыру жұмыстары атқарылды. Осындай жүйелі жұмыстардың нәтижесінде мектеп ауласы көрікті, әрі таза. Мектеп манына бос жерлерге ағаш егілді. Сенбілік кезінде мектеп оқушылары берілген учаскок жұмыстарына үлкен жауапкершілікпен қарап, мектебіміздің тазалығына өз үлестерін қосты. 1-9 сынып оқушыларымен республикалық экосағат өтті . Бұл шараға ауылдағы зейнеткер ұстаздар , ауыл ақсақалдары шақырылды , олардың әрқайсысы өз қолдарымен қарағай көшетін отырғызды . Жыл басынан бастап мектеп бөлмелеріне гүл өсіру жұмысы жүргізілді , әр сыныпты гүлмен толықтыру жұмыстары жүргізілді . Қаңтар айында « Қаржы сауаттылық » күні өтті. Кәсіби бағдар беруші Аспандияр А.Б . 5-9 сыныптармен « Мен - кәсіпкермін» атты кездесу кешін өткізді , кешке ауылымыздағы жеке шаруа қожалық иелері шақырылды . Әр мамандық иелері өз мамандықтарының қыр сырын түсіндіріп өтті. Сәуір айында мектеп ұжымы «Аула көркі –гүл» айдарымен мектеп ауласына гүл екті.

Алтыншы бағыт - Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.

Мектеп формасына қойылатын талаптар бойынша мектеп оқушылары 100% мектеп формасымен қамтылған. Бүкіл оқушыларда мектеп формасы - бар. Әртүрлі киім- кешек киюге жол бермеу үшін ата - аналармен сынып жетекшілер әңгімелесті. «Жас Ұлан» ұйымының жиналыс кезінде мектеп президенті Сеит Алуа және олардың көмекшілері оқушылардың сайлауымен сайланады. «Адал Ұрпақ» жұмысы жылдық жоспар бойынша жүргізілді . Әр ай сайын сынып жетекшілер сыбайлас – жемқорлықтың алдын алу мақсатында тренинг . сынып сағаттары, дөңгелек үстелдер өткізіліп отырды . Атап айтқанда : « Жемқорлықпен күресу – басты парызымыз », « Жемқорлық індет, оны жою міндет» т.б. Халықаралық қыздар күні қарсанында мектепшілік онкүндік өткізілді. Өткізілген іс –шаралардың мақсаты: қыз балаларымыздың қоғамдағы белсенді орнын анықтай отырып, құқықтарының бұзылмауына жол бермеу және алдын алу. Іс – шара барысында қыздармен дөңгелек үстел, дәріс, сауалнама өткізілді. «Әдеттен озбайық» атты 6-9сынып қыздар арасында әңгімелесуді мектеп тәлімгері Аханахова Ж.К. өткізді. 8-9

сыныптарға «Қызға қырық үйден тыйым» атты дәріс оқып олардың сұрақтарына жауап берді Сармантаева Г.Б. Сонымен қатар информатика пәні мұғалімі Бакаева Г.Б. жыл бойына «Интернеттегі қауіпсіздік ережелері», «Балалардың интернеттегі қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етуге болады?», «Менің өмірімдегі интернет». Тәрбие саласы бойынша сынып жетекшілер семинарларға қатысып отырады. Биылғы оқу жылында 20 мұғалім қашықтықтан «Үздік сынып жетекші» апталығы және олимпиадасына қатысып, нәтижесінде I, II, III орындарды иеленді, басқа да ұйымдастырылған өткізілген байқауларға қатыстырылады.

Жетінші бағыт - Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық.

Ұстаздар күніне арналған өзін – өзі басқару күні өтті. 9- сынып оқушылары сабақ беріп, ұстаздарға арналған мерекелік стенд шығарды. Ұстаздар күні мерекелік концертпен жалғасты. Оқушылар өздерін жан-жақты көрсете білді. Мерекелік іс – шара жоғарғы деңгейде өткізілді. Іс-шараға ардагер ұстаздар шақырылды. Ұстаздармен түрлі ойындар өткізіліп, викториналық сұрақтар қойылды. Күз ерекше жыл мезгілі. Біз оны әртүрлі атаймыз: ызғарлы, жомарт, жауынды, алтын күз дейміз. Қандай болса да, бәріміз үшін ерекше тамаша кезең. Бұл мезгілде өнім жинаймыз. Алдағы қысқа даярланамыз. Ерекше түрге енген таңғажайып табиғат та бәрімізге мол әсерге бөлейді. Қалай қарасақта көз тоймайды деп «Алтын күз» мерекесін бастадық. «Күз сыйы» көрмесін ұйымдастырдық. Көрме бұйымдары бәрімізді тандандырды жалпы қызықты өтті. Әр сынып өзін – өзі таныстыру кезеңінде қызықтыра әңгімеледі. Әр сыныпқа номинациялар айтылып марапатталды. Бәрімізді көңілді кешке жинаған «Алтын күзге» дән ризамыз деп флешмобпен аяқталды. «Қош келдің, Жаңа жыл» мерекесі де айтарлықтай атап өтілді, мектеп алдына мектеп ұжымының ұйымдастыруымен мүсіндер жасалды. 0-4сынып оқушыларына тәттілей сыйлық әзірлеп, шыршаны безендіру жұмыстарына атсалысты.

Сегізінші бағыт - Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

«Шынықсаң - шымыр боласың!» ұранымен «Денсаулық фестивалі» өтті. Фестивалға мектеп оқушылары, ұстаздар, сынып жетекшілері және ата-аналар қатысты. Фестиваль флешмоб «Биле, қозғалыста өмір сүр!» ұранымен басталды, эстафеталық ойындар мен әр түрлі жарыстар өтті. 5-7 сынып оқушылары арасында футболдан жарыс өтіп, 8,9 сыныптар арасында волейболдан жарыстар ұйымдастырылды. Дене шынықтыру пәні мұғалімі Саденова А.А., Исатаева Г.Т аптасына 3 рет жоғары сынып оқушылары арасында теннис және волейболдан, баскетбол, бес асық, асық ату секциялары ұйымдастырады. Мереке кездері сынып оқушылары арасында дойбы, шахмат, тоғызқұмалақтан жарыстар өткізеді. Салауатты өмір салтын сақтау мақсатында «Денсаулық», «Спорт бұрышы» шығарылып отырды, уақытында мектеп медбикесі: Смаилова А.А әртүрлі ауруларға қарсы диктанттар алып, дәріс, кеңес береді.

Волонтерлік жұмыстың сараптамасы.

Волонтерлік іс- қызметтердің кең ауқымдылығы, ішіне өзара көмектің дәстүрлі пішіндерін және өзіне деген көмектің арттыруы болып келеді.

Волонтерлікпен айналысатын адамдарды волонтер деп атайды . Олар ақысыз , ерікті қоғамдық жұмыс атқаратындарға жатады .

- Біздің мектептегі волонтерлік қызмет :
- Ағаш көшеттерін отырғызу , гүл өсіру ,
- Жануарларға , құстарға көмек ,
- Ауланы , көшелерді абаттандыру
- Экологияны жақсарту , қоқыстарды жинау , сенбіліктер ұйымдастыру ,
- Қайырымдылық шараларын өткізу

2022-2023 оқу жылында «Еріктілер » тобы бірқатар жұмыстар жүргізді. Еріктілер тобының жетекшісі мектебіміздің аға тәлімгері Аханахова Ж.К . Еріктілер тобына 7,8,9 сынып оқушылары кірді , барлығы 13 оқушы . Еріктілер тобы жоспар бойынша жұмыс жүргізеді . «Біз тазалықты сүйеміз » атты сенбіліктер ұйымдастырып, «Қарттарым-асыл қазынам » айдарымен аулымыздағы 100 жастан асқан қарт әженің үйіне барып , ағаш жарып, отын кіргізіп , ауласын тазалауға атсалысты . « Жасыл ел » бағдарламасы бойынша мектеп бөлмелеріне гүл өсіру , мектеп ауласына көшеттер , гүлдер отырғызумен айналысады . « Жылы жүрек , жомарт қол » атты жәрмеңке өткізіп , жиналған қаражатқа азқамтылған , көпбалалы отбасы балаларына сыйлықтар тарту етті .

2022-2023 оқу жылында үйірме жұмыстары

2022-2023 оқу жылында мектеп оқушыларына 8 -үйірме жұмыс атқарады. Олар: шахмат, Шабыт домбырашылары, алтын ине,ағылшын патшалығы, баскетбол,волейбол, бес асық, тоғызқұмалақ.Мектеп үйірмесінің негізгі мақсаты баланың рухани қабілеттілігін ашу және дамыту.

Бес асық, тоғызқұмалақ,шахмат үйірмесі. Саденова А.А – жетекшісі. 3-9 сыныптар арасындағы оқушылар ерекше қызығушылықпен қатысып мектепшілік,аудандық,облыстық жарыстарға қатысып жүлдері орындарға ие болды.

Баскетбол,Волейбол үйірмесі.Исатаева Г.Т-жетекшісі.5-9 сынып ұл балар және қыз балаларға арнап жұмыс кестесіне сай өткізілді.Жұмыс нәтижесі бойынша аудандық, облыстық « Мектеп лигасы» жарыстарына қатысып жүлделі орындарға ие болды

«Funny English» үйірмесі.Жарасова А.А – жетекшісі. Бастауыш сынып оқушыларының қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс атқарылды.Үйірмеге жалпы 15 оқушы қатысады.

Шабыт домбырашыларымен әртүрлі ән-күй сайыстарына қатысып бірқатар жеңіске жетті. Аханахова Ж.К –жетекшісі.

«Алтын ине» үйірмесі. Шаравхан Н- жетекшісі. Мектептегі көркем еңбек сабағында шәкірттерге қолөнер арқылы жан-жақты эстетикалық тәрбие беру, оларды өнерге баулу адамзат қоғамында жасалған мәдени мұраны жүйелі меңгеруге мүмкіндік береді. Жас ұрпақты жалпы әлемдік рухани игіліктерді бағалай білуге тәрбиелейді.

Бүгінгі дәуірде оқушы қиялына қозғау салып, қанат бітіру, ой-өрісін дамыту, білім берудің алғы шарты болып отыр. Өйткені қиялы қарыштамаған адамның білімді еркін меңгеруі мүмкін емес. Заман талабына сай мектепте оқушыны сәндік қолданбалы қолөнерге, көнеден келе жатқан қолөнерге үйрету, сонымен қатар өмірдегі өз қажеттілігін қанағаттандыра білуге үйрету бүгінгі таңда үлкен мәселелердің бірі екендігі анық.

Орындаған: Мұханбеткәрім Т.О

87752369418